

**Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы N 264 Қаулысы

Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспары (Жол картасы) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, үш күн мерзімде Жол картасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін және заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізісін.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат және Сыртқы істер министрліктері жүйелі негізде республикада және шетелде Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын түсіндіру жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдары Жол картасы іс-шараларының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 6 н а у р ы з д а ғ ы

N 2 6 4 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы "Дағдарыстан жаңару мен дамуға" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылға арналған іс-қимыл жоспары (Жол картасы) Мазмұны**

Экономиканы тұрақтандыру үшін 2007 - 2008 жылдары қабылданған шаралар

Жол картасын іске асырудың мақсаттары мен бағыттары

1. Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясы

1.1. Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске

а с ы р у т е т і к т е р і

1.2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін қайта құру және дамыту (сумен жабдықтау және кәріз, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау)

1.3. Мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді жөндеу ж ә н е ж ы л ы т у

1.4. Республикалық және жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеу, қайта жаңарту ж ә н е с а л у

1.5. Әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламасын және жастар практикасын к е ң е й т у

1.6. Қалалардағы, кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі басым әлеуметтік жобаларды қаржыландыру

1.7. Жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдердің ең жоғары кезеңін ұлғайту

1.8. Кадрлар даярлау және қайта даярлау

1.9. Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске а с ы р у и н ф р а қ ұ р ы л ы м ы

1.10. Отандық өндірушілерді қолдау

2 . А л ы н ы п т а с т а л д ы

3. Инфрақұрылымдық және индустриялық жобаларды іске асыру

Қорытынды

## Кіріспе

Жаһандық экономикалық құлдыраудың өршуі жаһандық экономика үшін де, сол сияқты әрбір ел үшін де жеке-жеке **жаңа қыр-көрсетулерді** айқындайды.

Халықаралық валюта қорының болжамына сәйкес 2009 жылы әлемдік **экономикалық өсу 0,5 %-ға** - Екінші дүниежүзілік соғыс уақытынан бергі ең төменгі м ә н г е д е й і н **б а я у л а й д ы .**

Бүкіл әлемдегі экономиканы мемлекеттік ынталандырудың кең ауқымды шараларына қарамастан, **қаржы секторының жүйелі проблемаларын** шешу мүмкін болмай отыр, бұл өз кезегінде нақты секторды дамытуды едәуір әлсіретеді.

Экономикасы дамыған елдердегі өндіріс көлемі 2009 жылы **2 %-ға қысқарады** деп болжануда. Бұл **бүкіл соғыс уақытынан кейінгі алғашқы жылдық қысқару** болып т а б ы л а д ы .

Дамыған елдерде өндіріс көлемінің қысқаруы жағдайында **мұнай, болат, мыс, мырыш, алюминий, қорғасын, ферроқорытпалар** сияқты қазақстандық өнімнің негізгі түрлеріне сұранысты азаюы күтіледі, бұл, өз кезегінде елдегі **іскерлік белсенділікті жалпы төмендетуге** әкеледі.

Тұрақты экономикалық өсуді қайта жаңарту қаржы секторының қалыпты жұмыс істеуі қалпына келмейінше және кредиттік нарықтардың жұмысына кедергілер жоылмайынша мүмкін емес.

Жаһандық үрдістерді ескере отырып, **2009 жылы Қазақстанда ЖІӨ өсімінің қарқыны 1 % деңгейінде күтілуде**, бұл ретте экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күші мұнай-газ секторы болады. Экономиканың басқа секторларында **нөлге жуық немесе теріс өсу күтілуде**.

2009 жылғы қаңтардың өзінде **өндіріс көлемінің қысқаруы байқалды**, өнеркәсіпте - **18%-ға**, құрылыста - **17.3%-ға**.

Негізгі жұмыспен қамту секторларындағы өндіріс көлемінің азаюы **жұмыс орындарының қысқаруына** әкелуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі - Үкімет) болжамы бойынша тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар, сауда және қаржы секторы қызметкерлері жұмысынан айырылу қауіп аймағында болуы мүмкін. Бұл секторларда жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 2008 жылдың аяғындағы жағдай бойынша **шамамен 3 млн. адамды құрайды**.

Бұдан басқа, 2009 жылы іскерлік белсенділіктің азаюына орай **еліміздің жоғары оқу орындарын бітірушілердің едәуір бөлігінде жұмыспен қамтылуда қиындық туындайтын** болады.

Жалпы, 2009 жылы әлемдік экономикалық дағдарыстың тереңдеуін және елдегі іскерлік белсенділіктің азаюын ескере отырып, қазіргі **584,7 мың жұмыссыздың үстіне 350 мыңға жуық адам қосылуы мүмкін**, бұл **жұмыссыздық деңгейінің 10,8 %-ға артуына** әкеле соғады.

Теріс салдардан басқа, ағымдағы жағдай Қазақстан алдында жаңа мүмкіндіктер ашады. **Бұл:**

**біріншіден**, аграрлық секторды дамыту және ауыл шаруашылығы өнімін негізгі шикізат емес экспорттық мамандану ретінде қайта өңдеу. 2007 - 2008 жылдарда өзінің шарықтау шегіне жеткен азық-түлікке бағаның артуы аграрлық сектордың инвестициялық тартымдылығын едәуір арттырады, бұл агроөнеркәсіптік сектор кәсіпорындары пайдасының ұлғаюымен қатар ауыл шаруашылығын құрылымдық трансформациялауды жүргізуге және оның өнімін өңдеуді одан әрі дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл ретте аграрлық маманданудың әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті қуатты кіші секторлары қалыптастырылатын болады;

**екіншіден**, отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне және қазақстандықтардың өмір сүру сапасына, ең алдымен, тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық жүйесіне және инфрақұрылымға теріс әсер ететін жинақталған жүйелі проблемаларды шешу.

### **Экономиканы тұрақтандыру үшін 2007 - 2008 жылдары қабылданған шаралар**

2007 жылғы 6 қарашада Үкімет Қазақстан Республикасының элеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар жоспарын қабылдады. Оны іске асыру үшін мемлекеттік бюджеттен шамамен 550 млрд. теңге бөлінді.

Қаражат тұрғын үй объектілерінің үлестік құрылысын аяқтауға, шағын және орта бизнесті қолдауға, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бөлінді.

2007 - 2008 жылдардың ішінде банк секторындағы өтімділік тапшылығы проблемалары, оның ішінде ең төменгі резервтік талаптарды біртіндеп азайту есебінен кезең-кезеңімен шешілді. Банк секторының қатерлерін азайту жөніндегі, оның ішінде меншікті капиталдың жеткіліктілігіне, өтімділікке, сырттан қарыз алуға байланысты жұмыс жандандырылды.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда қаржы ұйымдарын қасақана төлем қабілетсіздігіне дейін жеткізгені үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік шаралары қатандатылды.

Екінші деңгейдегі банктерге сенімділікті сақтау мақсатында жеке тұлғалардың салымдары бойынша кепілдік берілген өтеу сомасын бұрын көзделген 700 мыңнан 1 млн. теңгеге дейін, ал 2012 жылға дейін (3 жыл ішінде) 5 млн. теңгеге дейін ұлғайту көзделді.

2008 жылдың үшінші тоқсанында "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы жедел қабылданды. Ішкі сұранысты ынталандыру және отандық кәсіпорындарды қолдау үшін мемлекеттік сатып алу басым түрде қазақстандық өнім берушілерге бағдарланатын болады. Жедел шешімдер қабылдау, кепілдіктер, ұзақ мерзімді тапсырыстар беру есебінен отандық бизнеске нақты көмек көрсету үшін мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялар мемлекеттік сатып алуды реттейтін заңнаманың әрекет етуінен босатылды.

2009 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары қабылданды.

Жоспардың мақсаты жаһандық дағдарыстың Қазақстандағы элеуметтік-экономикалық ахуалға теріс ықпалын жұмсарту және болашақтағы сапалы

экономикалық өсу үшін қажетті негізді қамтамасыз ету болып табылады.

Жоспарды қаржылық қамтамасыз ету үшін 1200 млрд. теңге көлеміндегі Қазақстан Республикасы ұлттық қорының қаражаты пайдаланылды. Олар мыналарға жіберілді:

қаржы секторын тұрақтандыруға - **480 млрд. теңге;**

тұрғын үй секторын дамытуға - **360 млрд. теңге;**

шағын және орта бизнесті қолдауға - **120 млрд. теңге;**

агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға - **120 млрд. теңге;**

инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға -  
**1 2 0 м л р д . т е ң г е .**

2009 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа Салық кодексі қолданысқа енгізілді, оның шеңберінде салық жүктемесінің, ең алдымен экономиканың шикізат емес секторы үшін едәуір төмендеуі көзделді.

Шағын және орта бизнес кәсіпорындары үшін корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді төлеу жөніндегі талап алынып тасталды.

2009 жылғы ақпанда 25 %-ға теңгенің құнсыздануы жүзеге асырылды. Бұл шара отандық өндірушілердің сыртқы және ішкі нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған болатын.

Қаржы жүйесінің өтімділігін арттыру үшін ақша-кредит саясатын жеңілдетуді ұсынды. 2008 жылғы 5 ақпаннан бастап қайта қаржыландыру ставкасы 10 %-дан 9,5 %-ға дейін 0,5 пайыздық пунктке кеміді. Бұдан басқа, 2009 жылғы 3 наурыздан бастап екінші деңгейдегі банктер үшін ішкі міндеттемелер бойынша ең төменгі резервтік талаптарды 2 %-дан 1,5 %-ға дейін, өзге міндеттемелер бойынша 3 %-дан 2,5 %-ға дейін азайту туралы шешім қабылданды.

Көрсетілген шараларды іске асыру экономикаға қосымша беріктік қорын бере отырып, сыртқы конъюнктураның ықтимал әлсіреуіне дайындалуға мүмкіндік берді.

Осы Жол картасы Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында берген тапсырмаларына сәйкес әзірленді және қосымша жұмыс орындарын құру арқылы жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, кадрларды даярлауға және қайта даярлауға, іскерлік белсенділікті ынталандыруға және дағдарыстан кейінгі орнықты даму үшін жағдай жасауға бағытталған шаралар кешенін айқындайды.

**Жол картасын іске асырудың мақсаттары мен бағыттары**

Жол картасының негізгі мақсаты:

1. жұмыспен қамту және жұмыссыздық деңгейінің едәуір өсуіне жол бермеу;
2. дағдарыстан кейін орнықты даму үшін жағдай жасау.

Көрсетілген мақсаттарға жету үшін, **бұрын қабылданған тұрақтандыру шараларына қосымша** Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмаларына сәйкес **өңірлік жұмыспен қамту стратегиясын (бұдан әрі - стратегия) іске асыруға және мынадай бағыттар бойынша кадрларды қайта даярлауға** бас назар аударатын болады:

- 1) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін қайта құру және дамыту (сумен жабдықтау және кәріз, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау);
- 2) мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді жөндеу және ж ы л ы т у ;
- 3) республикалық және жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеу, қайта жаңарту ж ә н е с а л у ;
- 4) әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламасын және жастар практикасын кеңейту;
- 5) қалалардағы, кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі басым әлеуметтік жобаларды қаржыландыру;
- 6) жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдердің ең ұзақ к е з ең і н ұ л ғ а й т у ;
- 7) кадрлар даярлау және қайта даярлау.

## **1. Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясы 1.1. Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру тетіктері**

Стратегия республикалық және жергілікті бюджеттерден бірлесіп қаржыландыру т е т і г і н е н е г і з д е л г е н .

Стратегияны іске асыру үшін республикалық бюджеттен кемінде **140 млрд. теңге** бөлу көзделіп отыр. Жергілікті бюджеттерден қаржыландыру көлемі шығыстарды жергілікті деңгейде оңтайландыру жөніндегі жұмыс жүргізілгеннен кейін а й қ ы н д а л а т ы н б о л а д ы .

Стратегияны қаржыландыру көлемі алдын ала бағыттар бөлінісінде мыналарды қ ұ р а й д ы :

1) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін қайта құру және дамыту (сумен жабдықтау және кәріз, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау) — **50 млрд. теңге;**

2) мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді жөндеу және ж ы л ы т у - **40 млрд. теңге;**

3) республикалық және жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеу, қайта жаңарту ж ә н е с а л у — **50 млрд. теңге;**

4) әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламасын және жастар практикасын кеңейту - **8,6 млрд. теңге;**

5) қалалардағы, кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі басым әлеуметтік жобаларды қаржыландыру - **37 млрд. теңге;**

6) жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдердің ең ұзақ кезеңін ұлғайту - **мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қаражаты есебінен қайта қаржыландырылатын болады;**

7) кадрлар даярлау және қайта даярлау - **14,4 млрд. теңге.**

Стратегияны іске асыру оны кезең-кезеңімен орындауды көздейді.

**Бірінші кезеңде** стратегияны іске асыру үшін қажетті бюджет қаражатының жалпы көлемі нақтыланатын болады, оның шеңберінде тәуекелдің өңірлік деңгейіне байланысты әрбір өңір үшін жалпы қаржыландыру лимиттері белгіленетін болады.

Өңірлік тәуекел деңгейі жұмыспен қамту картасы және қызметкерлерді мүмкін болатын жұмыстан босату (бұдан әрі — Жұмыспен қамту картасы) негізінде айқындалатын болады. Жұмыспен қамту картасында әрбір өңір бойынша мыналар туралы егжей-тегжейлі ақпарат берілетін болады:

жұмыстан босатылатын қызметкерлерді ықтимал саны, олардың мамандықтары мен біліктіліктері;

оқу орындары бітірушілерінің білім деңгейі және мамандықтары әрбір өңірдің айрықша ерекшеліктері мен мамандануы.

**Екінші кезеңде** әрбір облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) үшін бекітілген жалпы лимиттер шеңберінде стратегияның жекелеген бағыттары бойынша қаржыландыру көлемі айқындалатын болады.

Әрбір өңір үшін стратегия бағыттарының қаржыландыру көлемі әрбір өңірдің ерекшеліктері мен мамандануын ескере отырып, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп айқындалатын болады.

**Үшінші кезеңде** стратегияны іске асыру бағыттарына сәйкес жұмыстан босатылатын қызметкерлерді қайта даярлауға қажеттілік айқындалатын және кадрларды қайта даярлау жөніндегі жоспар әзірленетін болады.

Стратегияның іс-шараларын қамтамасыз ету үшін жекелеген өңірлер мен бағыттар шеңберінде және жүргізілген жұмысты ескере отырып, республикалық және жергілікті бюджеттен түзетілетін болады.

**Төртінші кезеңде** сатып алу жоспары және стратегияны іске асыру үшін отандық өндірушілерді және өнім берушілерді дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалатын болады.

**Бесінші кезеңде** стратегияны іске асыру тиімділігінің әр өңір үшін түйінді көрсеткіштері айқындалатын болады.

Бұл көрсеткіштер мыналарды бағалауға бағдарланған екі блокқа бөлінетін болады:

**біріншіден**, стратегия бағыттарын іске асырудың тікелей тиімділігі - жөнделген жолдардың, мектептердің, ауруханалардың, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің көлемі, отандық өндірушілердегі сатып алу көлемі, жаңа қызмет көрсететін өндірістер құру және т.б.;

**екіншіден**, жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету - құрылған жаңа жұмыс орындарының саны, қайта даярлаудан өткен адамдардың саны, қайта даярлаудан өткендердің арасындағы жұмыспен қамтылғандардың үлесі және т.б.

Стратегияны іске асыруды үйлестіру және мониторингі үшін мүдделі мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын, қоғамдық

бірлестіктерді және бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, **Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалық етуімен арнайы жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - ВАК)** құрылатын болады. ВАК функцияларына мыналар кіретін болады:

м ы н а л а р д ы :

Жұмыспен қамту картасы негізінде тәуекелдің өңірлік деңгейін; өңірлер бөлінісінде стратегияны қаржыландыру лимиттерін; стратегияны іске асырудың тиімділік көрсеткіштерін айқындау жөнінде ұсыныстар т ұ ж ы р ы м д а у ;

стратегияның іске асырылу барысына апта сайынғы мониторинг және стратегияны жергілікті деңгейде іске асыруды үйлестіру және мониторингі жөніндегі комиссиялардың е с е п т е р і н б е к і т у ;

бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен стратегияның іске асырылу барысы туралы ай сайынғы есептерді қарау.

Өңірлерде стратегияны іске асырудың жедел мониторингі үшін мәслихаттар депутаттарын, қоғамдық бірлестіктерді және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін тарта отырып, облыстар (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) әкімдерінің төрағалық етуімен жергілікті деңгейде стратегияны іске асыруды үйлестіру мен оның мониторингі жөнінде комиссия құрылатын болады. Комиссияның ф у н к ц и я с ы н а :

өңірде стратегияны іске асырудың жедел мониторингі; стратегияның іске асырылу барысы туралы ХВК үшін есеп дайындау; бекітілген жалпы лимиттер шеңберінде стратегияның бағыттары бойынша қаражатты түзету және қайта бөлу жөнінде ұсыныстар тұжырымдау кіреді.

Стратегияны іске асыру жөніндегі жұмыс органын Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі айқындайтын болады.

Стратегияны іске асыруды ақпараттық қолдау үшін **мамандандырылған интернет-сайт** құрылатын болады, бұл күнделікті негізде:

стратегия шеңберінде еңбекке орналастыру мүмкіндіктері туралы егжей-тегжейлі а қ п а р а т т ы ;

стратегияның орындалу барысы туралы есепті; әрбір өңір және нақты жоба бөлінісінде ақшалай қаражатты жұмсау жөніндегі е с е п т і ұ с ы н а т ы н б о л а д ы .

Бұдан басқа, стратегияны іске асыру жөніндегі ақпарат күн сайын ақпарат құралдарында жарияланады.



## 1.2. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жүйесін қайта құру және дамыту (сумен жабдықтау және кәріз, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау)

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша су шаруашылығы және кәріз жүйесі саласында қызметтер көрсететін табиғи монополия субъектілерінің саны 560 кәсіпорынды құрады. Электрмен жабдықтау және жылу энергетикасы саласындағы қызметтерді ұсынатын субъектілердің саны 378 кәсіпорынды құрады.

Қазіргі кезде коммуналдық инфрақұрылым объектілерінің тозу деңгейі орташа есеппен алғанда Қазақстан бойынша **70 %** -ға жетті, оның ішінде: коммуналдық су құбырының желілері - **71,3 %**, кәріз желілері - **68 %**, жылу желілері - **65 %**, электр желілері - **73 %**, су құбырының сорғы станциялары **58 %**, кәріздік сорғы станциялары - **62 %**, су құбырының тазалау ғимараттары - **70,8 %**, кәріз тазалау ғимараттары - **74 %**, трансформаторлы кіші станциялар - **70 %**.

2008 жылы сумен жабдықтау және кәріз, жылумен, электрмен және газбен жабдықтау жүйелерін қайта жаңартуға әрі дамытуға жергілікті бюджеттерден **59,19 млрд. теңге** бөлінген болатын, оның ішінде:

сумен жабдықтауға және кәрізге - **21,9 млрд. теңге**,  
жылумен жабдықтауға - **10,9 млрд. теңге**,  
электрмен жабдықтауға - **14,4 млрд. теңге**,  
газбен жабдықтауға — **11,99 млрд. теңге**.

Осы жұмыстарға **26,1 мың адам** қамтылды, оның ішінде жүйелерді қайта жаңарту және дамыту жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде:

сумен жабдықтау мен кәріз - **9 394 адам**,  
жылумен жабдықтау - **4 298 адам**,  
электрмен жабдықтау - **4 406 адам**,  
газбен жабдықтау - **8 302 адам**.

2009 жылы осы мақсаттарға жергілікті бюджеттерден **34,9 млрд. теңге** бөлу жоспарланып отыр, бұл ретте, бағалау бойынша **21 мыңнан астам жұмыс** орны құрылатын болады.

Өңірлерде жұмыспен қамтылу деңгейін ұстап тұру мен коммуналдық жүйелерді жеделдетілген жаңғыртуды қамтамасыз ету үшін 2009 жылы жергілікті бюджеттерде жоспарланған қаражаттан басқа, стратегияны іске асыру шеңберінде тұрғын үй - коммуналдық желілерін дамытуды және қайта жаңартуды қосымша қаржыландыру көзделіп отыр.

Қосымша қаржыландыру көлемі, бағалау бойынша **шамамен 50 млрд. теңгені** құрайды.

Ықтимал объектілерді айқындау тұрғын үй-коммуналдық желілерді қайта жаңарту

мен дамыту үшін қосымша қаражат шеңберінде мынадай екі өлшемдерге негізделетін  
б о л а д ы :

1. жұмыстар жүргізген кезде үлкен еңбек ресурстарын тартуды талап ететін **еңбекті қажет ететін технологияларды** барынша қолдану қажет;

2. сумен жабдықтау мен кәріз, жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау жүйелерін қайта жаңарту және дамыту тек **республикалық не коммуналдық меншіктегі** объектілер үшін ғана жүргізілетін болады.

Стратегияның осы бағытын іске асыру жөніндегі операторлар ретінде қайта жаңартуда қажетті қаржыландыру көлеміне мұқтаж тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының нақты объектілерін, мамандықтар мен жобаларды іске асыру мерзімдері бөлінісінде еңбек ресурстарына қажеттілікті айқындайтын жергілікті атқарушы органдар әрекет етеді.

Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы объектілерін қайта жаңарту жөніндегі жұмыстарды орындау үшін мердігерлер ретінде коммуналдық кәсіпорындар жанында әрекет ететін жөндеу бригадалары, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар (бұдан әрі - ӘКК) және тұрғын үй-коммуналдық желілерін қайта жаңарту мен жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізуде қажетті тәжірибесі бар тарапты ұйымдар бола алады.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді барлық сатып алулар стратегияның осы бағытын іске асыру шеңберінде отандық өндірушілер бағдарланатын болады.

Стратегияның осы бағытын іске асыру шеңберіндегі жұмыстарды жүргізу үшін міндетті түрдегі шартпен **жергілікті жұмыспен қамту органдары (бұдан әрі - Жұмыспен қамту орталықтары) ұсынатын кандидаттардың қатарынан кемінде 80 % қызметкерлерді жалдау** болып табылады.

Жұмыспен қамту орталықтары қажетті біліктілік мамандарын іріктеуді, ал қажет болған жағдайда тиісті жұмыстарды орындау үшін кадрларды қайта даярлауды жүзеге асырады.

Стратегияның осы бағытын іске асыру нәтижесінде көп еңбекті қажетсінетін технологияларды қолдануды есепке ала отырып, шамамен **50 мың жаңа жұмыс орындарын** құру көзделуде.

Бұл ретте тұрғын үй-коммуналдық желілерінің тозуын азайту есебінен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жүйесін жаңғырту тасымалдау кезінде нормаланбаған шығындарды азайтуға әкеп соғады, осыған орай су, жылу және электр энергиясы ресурстарын пайдалану тиімділігі айтарлықтай артады.

### **1.3. Мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді жөндеу әрі жылыту**

2008 - 2009 жылдардағы оқу жылында елдегі **күндізгі жалпы білім беретін мектептердің саны** 7 848 білім беру объектілерін құрады, олардың 7 733 - мемлекеттік,

оның ішінде жергілікті атқарушы органдарға бағынатыны - 7 620.

2008 жылы жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен **10,8 млрд. теңге** сомасына 1 188 мектепте күрделі жөндеу жүргізілді. **6,6 млрд. теңге** сомасына 6 020 мектепке ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Қазіргі сәтте **202 мектеп ғимараты авариялық жағдайда, 1 728 мектеп күрделі жөндеуді талап етеді.**

**1 728 мектепке күрделі жөндеу қажеттілігі жағдайында, 2009 жылы жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен 10,7 млрд. теңге сомасына 801 мектепке күрделі жөндеу жүргізу жоспарланып отыр. Ағымдағы жөндеу 6,4 млрд. теңге сомасына 6 649 мектепке жоспарланып отыр.**

Республика бойынша **денсаулық сақтау ұйымдарының жалпы саны 7 987 бірлікті құрайды.**

2008 жылы республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен **746 млн. теңге және тиісінше 10,3 млрд. теңге сомасына 30 республикалық және 632 жергілікті денсаулық сақтау ұйымдарында** күрделі жөндеу жүргізілді. Ағымдағы жөндеу **403,6 млн. теңге және тиісінше 1,3 млрд. теңге сомасына 32 республикалық және 856 жергілікті денсаулық сақтау мен медициналық білім беру ұйымдарында** жүргізілді.

Бүгінгі таңда денсаулық сақтау объектілерінің күрделі жөнделуін қаржыландырудағы қажеттілік тұтастай алғанда республика бойынша **26,4 млрд. теңгені құрады, оның ішінде 37 республикалық және 874 жергілікті денсаулық сақтау және медициналық білім беру ұйымдары үшін 3,7 млрд. теңге және тиісінше 22,7 млрд. сомасына.**

2009 жылы республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен **24 республикалық және 400 жергілікті денсаулық сақтау ұйымдарында 1,1 млрд. теңге және тиісінше 8,1 млрд. теңге сомасына** күрделі жөндеу жүргізу көзделіп отыр. 29 республикалық және 559 жергілікті денсаулық сақтау ұйымдарында **243,4 млн. теңге және тиісінше 1,1 млрд. теңге сомасына** ағымдағы жөндеу жүргізу жоспарланып отыр.

Білім беру мен денсаулық сақтау объектілерін күрделі және ағымдағы жөндеуді қаржыландырудың 2009 жылға арналған мемлекеттік бюджетте жоспарланған жалпы көлемі **27,1 млрд. теңгені құрайды.**

Стратегияны іске асыру шеңберінде өңірлерде жұмыспен қамту деңгейін ұстап тұру және мектептерді, ауруханаларды және басқа да әлеуметтік объектілерді жөндеуді әрі жылытуды қамтамасыз ету үшін қосымша қаржыландыру көзделетін болады. Қосымша қаржыландыру көлемі шамамен **40 млрд. теңгені құрайды.**

Стратегияның осы бағытын іске асыру операторлары ӘКК болып табылады, олар жұмыстарды жүргізуге тапсырыс беруші ролінде әрекет ете алады, сондай-ақ ӘКК жанынан арнайы құрылыс бөлімшелерін қалыптастыру есебінен жұмыстарды өздігінен

ж ү з е г е а с ы р а а л а д ы .

Стратегияның осы бағыттарын іске асыру шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді барлық сатып алу отандық тауар өндірушілерге бағдарланатын болады.

Стратегияның осы бағыттарын іске асыру шеңберінде жұмыстарды жүргізу үшін міндетті түрдегі шарт **Жұмыспен қамту орталығы ұсынатын кандидаттар қатарынан қызметкерлердің кемінде 80 % жалдау болып табылады.**

Жұмыспен қамту орталықтары қажетті біліктілік мамандарын іріктеуді, ал қажеттілік жағдайында тиісті жұмыстарды орындау үшін кадрларды қайта даярлауды ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Стратегияның осы бағыттары жеткілікті түрде көп еңбекті қажет ететін болып табылады және айтарлықтай еңбек ресурстарын тартуды талап етеді. Бағалаулар бойынша стратегияның осы бағыттарын іске асыру нәтижесінде **90 мыңға жуық жаңа жұмыс орындары құрылатын болады.**

Бұдан басқа, **білім беру мен денсаулық сақтаудың барлық авариялық объектілерін** жөндеу қамтамасыз етіледі және ағымдағы әрі күрделі жөндеудегі қажеттілік іс жүзінде толығымен жабылады.

#### **1.4. Республикалық және жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеу, қайта жаңарту және салу**

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында жалпы пайдаланылатын автожолдардың ұзақтығы 93,7 мың км. құрады, оның ішінде жақсы жай-күйде - барлығы 14,6 мың км. немесе 15,6 %. Қанағаттанарлық жай-күйдегі - 40,1 мың км (42,8 %), **қанағаттанғысызы - 38,9 мың км (41,6 %).**

Жай-күйі қанағаттанғысыз жолдардың ұзақтығы бойынша Батыс Қазақстан (74 %), Оңтүстік Қазақстан (55,2 %) және Қостанай (54,25 %) облыстары көш бастап келеді.

2008 жылы мемлекеттік бюджеттің **республикалық және жергілікті маңызы бар** автомобиль жолдарын қайта жаңартуға, жөндеуге және салуға арналған шығыстары 154 млрд. теңгені құрады. Бұл жұмыстарға **37 мың адамнан** астам жұмыс істеді.

**Жергілікті маңызы бар** 2,2 мың км жолды салуға, қайта жаңартуға және жөндеуге республикалық және жергілікті бюджеттерден 2008 жылы **48,5 млрд. теңге** бөлінді. Бұл жұмыстарды орындау үшін **16 мың адам** тартылды.

2009 жылға жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын қайта жаңартуға, жөндеуге және салуға республикалық және жергілікті бюджеттерден **158,1 млрд. теңге** бөлу жоспарланды, оның ішінде 52,2 млрд. теңге жергілікті автожол желісі үшін.

Өңірлік жұмыспен қамту деңгейін арттыру және көлік инфрақұрылымын одан әрі дамыту үшін стратегияны іске асыру шеңберінде республикалық және жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеуді, қайта жаңартуды және салуды **қосымша қаржыландыру көзделетін болады.**

Қосымша қаржыландыру көлемі шамамен **50 млрд. теңгені құрайды.**

Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді барлық сатып алу осы стратегияны іске асыру шеңберінде отандық өндірушілерге бағдарланатын болады.

**Жұмыспен қамту орталықтары ұсынатын кандидаттардың қатарынан қызметкерлердің кемінде 80 %-ын жалдау** республикалық және жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеу, қайта жаңарту және салу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін міндетті шарт болып табылады.

Жұмыспен қамту орталықтары қажетті біліктілігі бар мамандарды іріктеуді, ал қажет болған жағдайда тиісті жұмыстарды орындау үшін кадрларды қайта даярлауды жүзеге асыратын болады.

Неғұрлым өнімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін еңбекті неғұрлым көп қажет ететіндерін таңдау мақсатында құрылыс жұмыстарының сапасына нұқсан келтірмей жол құрылысында пайдаланылатын технологияларды талдау жүргізілетін болады.

Осы бағыттың операторы болып ӘКК және жергілікті атқарушы органдар әрекет ететін болады. Республикалық және жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеу, қайта жаңарту және салу жөніндегі жұмыстарды орындауға мердігер болып ӘКК не ашық конкурстар өткізу кезінде неғұрлым үздік шарттар ұсынған ұйымдар әрекет ететін болады.

Стратегияның осы бағытын еңбекті көп қажет ететін технологияларды пайдалану есебінен іске асыру нәтижесінде **35 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын** құру болжанып отыр.

Стратегияның осы бағытын іске асыру 2009 жылы қосымша 1 000 км-ден астам автомобиль жолдарын салуға, қайта жаңартуға және жөндеуге мүмкіндік береді.

## **1.5. Әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламасын және жастар практикасын кеңейту**

**Әлеуметтік жұмыс орындарын** нысаналы әлеуметтік топтар үшін 6 айға дейінгі мерзімге жергілікті атқарушы органдар ұйымдастырады. Мемлекет ақы төлеу лимиттерін белгілейді және жалақының 50 %-ын төлейді.

Нысаналы әлеуметтік топтарға жастар, табысы аз азаматтар, мүгедектер, оралмандар, зейнеткерлік жас алдындағы адамдар, көп балалы және жалғыздікті ата-аналар жатады. Мұнымен қоса, жергілікті атқарушы органдар нысаналы топтарға халықтың басқа да санаттарын жатқызуы мүмкін.

2008 жылы **10,8 мың** адам ауыл шаруашылығындағы, саудадағы, өнеркәсіптегі, көліктегі, байланыстағы, коммуналдық шаруашылықтағы, қоғамдық ұйымдардағы әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылды. Жергілікті бюджеттерден аударымдар 4,2 ай орташа қатысу ұзақтығымен орта есеппен бір қызметкерге айына **8**

7 0 0

т е ң г е н і

к ұ р а д ы .

2009 жылы жергілікті бюджеттерде **9,7 мың** әлеуметтік орынды қаржыландыру жоспарланып отыр.

Азаматтарды, нысаналы әлеуметтік топтар өкілдерін неғұрлым толық қамту үшін әлеуметтік жұмыс орындарының санын 61,3 мыңға ұлғайту есебінен әлеуметтік жұмыс орындары бағдарламасын кеңейту көзделеді. Жергілікті бюджеттерден бір қатысушыға орташа айлық аударымдар мөлшері 15 мың теңгеге дейін жететін болады. Жұмыс берушінің 50 пайыздық салымын ескере отырып, қатысушының орташа жалақысы айына 30 мың теңгені құрайды.

**Жастар практикасы** жоғары оқу орындарының, колледждер мен кәсіптік лицейлердің түлектерін мемлекеттік қолдаудың қосымша (міндетті емес) шарасы болып табылады және жергілікті атқарушы орган өздерінің қалауы бойынша қолданады. Жастар практикасының ең жоғары мерзімі 6 айдан аспауға тиіс. Мемлекет жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жастар практикасына қатысатын оқу орындары түлектерінің жалақысын 100 % төлейді.

2008 жылы жастар практикасы **2,9 мың түлекті** қамтыды, бір қатысушының орташа еңбекақысы 11 мың теңгені құрады, қатысудың орташа ұзақтығы 4 айды құрады.

2009 жылы жастар практикасы бағдарламасы бойынша 5,4 мың адамды жұмысқа орналастыру болжанып отыр. Оқу орындарының түлектерін жұмыс орындарымен қамтамасыз ету үшін жастар практикасы бағдарламасы кеңейтілетін болады және **34,4 мыңға дейінгі жұмыс орнын** қосымша қаржыландыру қамтамасыз етіледі. Жергілікті бюджеттерден бір қызметкерге орташа айлық аударымдар 15 мың теңгеге дейін жететін болады.

Әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар практикасы бағдарламаларын кеңейту үшін қаржыландыру қосымша көлемі **8,6 млрд. теңгені құрайды, Бұл 95 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді**.

Әлеуметтік жұмыс орындарының санын ұлғайту және жастар практикасы бағдарламасын кеңейту **жергілікті атқарушы органдар 2009 жылға жоспарлаған 102,7 мың жұмыссыз үшін қоғамдық жұмыстарға** қосымша көзделген.

## **1.6. Қалалардағы, кенттердегі, ауылдардағы (селолардағы), ауылдық (селолық) округтердегі басым әлеуметтік жобаларды қаржыландыру**

2008 жылы өңірлердегі әлеуметтік-мәдени объектілерді абаттандыруға және жөндеуге (көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық тазартуға) бағытталған жұмыстарды жүргізуге жергілікті бюджеттерден **33,6 млрд. теңге бөлінді**, оның ішінде мыналарға:

көгалдандыру - 6 млрд. теңге;

абаттандыру - 16,4 млрд. теңге;  
санитарлық тазарту - 11,2 млрд. теңге.

Осы жұмыстарға **20,5 мың адам тартылды**, оның ішінде мыналарды жүргізуге:

көгалдандыру - 5174 адам;  
абаттандыру - 7474 адам;  
санитарлық тазарту - 7833 адам.

2009 жылы осы мақсаттарға жергілікті бюджеттерден **29,2 млрд. теңге бөлу жоспарлануда**, бұл ретте **19,8 мыңға дейін жұмыс орнын** құру болжанып отыр.

Жергілікті бюджеттерде көзделген қаражатқа қосымша ретінде әлеуметтік-мәдени объектілерді салу мен қайта жаңартуға не әрбір нақты қалада, кентте, ауылда (селода), ауылдық (селолық) округте абаттандыру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруға шамамен **37 млрд. теңге** бөлінетін болады.

Осы бағыт шеңберінде нақты объектілерді тиісті мәслихаттар аудандардың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне қарай дербес айқындайтын болады. Бұл ретте осы стратегия шеңберіндегі барлық жобалар екі өлшемге сәйкес болуы тиіс:

1. жаңа жұмыс орындарын құру;

2. әлеуметтік мәселелерді шешу, оның ішінде елді мекендерді абаттандыру.

Стратегияның осы бағытын іске асыру шеңберінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді барлық сатып алу отандық өндірушілерге бағдарланатын болады.

Стратегияның осы бағытын іске асыру шеңберінде жұмыстарды жүргізу үшін міндетті шарт **Жұмыспен қамту орталықтары ұсынатын кандидаттар қатарынан кемінде 80 % қызметкерді жалдау** болып табылады.

Жұмыспен қамту орталықтары қажетті біліктілік мамандарын іріктеуді, ал қажет болған жағдайда тиісті жұмыстарды орындау үшін кадрларды қайта даярлауды жүзеге асыратын болады.

Осы бағытты іске асыру шеңберінде тұтастай алғанда 49,3 мыңға дейін қосымша жаңа жұмыс орнын құру болжанып отыр.

## **1.7. Жұмыстан айрылған жағдайда әлеуметтік төлемдердің ең жоғары кезеңін ұлғайту**

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының активтері **159,1 млрд. теңгені** құрайды, ал әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың саны 5,5 млн. адамға жетеді (жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 70,4 %). Бүгінгі таңда жұмыстан айрылған жағдайда әлеуметтік жәрдемақылардың ең жоғары кезеңі **4 айды** құрайды. Жәрдемақының орташа мөлшері 2008 жылы айына 11173 теңгені, 2009 жылғы қаңтарда - жылына 17 379 теңгені құрады.

2009 — 2010 жылдары жұмыстан айырылуына байланысты әлеуметтік төлемдердің

ең жоғары кезеңі **4-тен 6 айға дейін** ұлғайтылатын болады.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қордың орнықтылығын қамтамасыз ету үшін ұзақ мерзімді кезеңде бұл шара 2 жылмен шектелетін болады.

## **1.8. Кадрларды даярлау және қайта даярлау**

Республикада техникалық және кәсіптік білім беретін **866** оқу орны (324 кәсіптік лицей, 542 колледж) жұмыс істейді.

Білім алушылардың жалпы саны **610,4 мың адамды**, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша - **194,4 мың адамды**, техникалық және технологиялық мамандықтар бойынша - **352,1 мың адамды** құрайды.

Кәсіптік лицейлер мен колледждерде білікті мамандарды даярлау **149 кәсіп пен 217 мамандық** бойынша жүзеге асырылады.

Босатылатын қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау **техникалық және кәсіптік білім беретін (ТжКБ) 373 оқу орнында**, сондай-ақ оқу орталықтарында, кәсіптік оқыту курстарында жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта ТжКБ оқу орындары **жыл сайын 150 мыңға дейін адамды қамтумен** кадрларды қысқа мерзімді даярлау бойынша оқытуды жүзеге асыруға дайын.

Оқу орындары 1-ден 6 айға дейін оқыту мерзімімен 170 кәсіп бойынша оқу бағдарламаларын әзірледі.

Бұдан басқа, республиканың жоғары оқу орындары босатылатын қызметкерлерді 179 мамандық пен кәсіп бойынша қысқа мерзімді даярлау мен қайта даярлаудың оқу бағдарламаларын әзірледі. 2009 жылдың ішінде әрбір жоғары оқу орнында 1-ден 3 топқа дейін оқыту жоспарланып отыр. Топтың толықтығы 5-тен 15 адамға дейінді құрайды. Оқыту ұзақтығы мамандық пен біліктіліктің күрделілігіне қарай - 1 айдан 3-айға дейін.

**Кадрларды даярлау мен қайта оқыту үш бағыт бойынша жүргізілетін болады:**

**1. Стратегия шеңберінде жобаларды іске асыру үшін мамандар даярлау - 100 мың адам (қажетті қаржыландыру көлемі - 7320 млн.теңге).** Қайта даярлау стратегияны іске асыруды қамтамасыз ету үшін жұмыспен қамту органдарының тапсырысы бойынша жүзеге асырылатын болады. Облыстар мен мамандықтар бөлінісінде қайта даярлаудың егжей-тегжейлі жоспары әрбір өңір бойынша стратегияның іске асырылуын қаржыландырудың бағыттары бекітілгеннен кейін әзірленетін болады.

**2. Макроөңірлердің экспорттық мамандануын іске асыру үшін мамандарды даярлау 23,5 мың адам (4 093 млн. теңге).** Бұл үшін мемлекеттік тапсырыс бойынша кәсіптік лицейлер мен колледждерге (гуманитарлық, педагогикалық мамандықтар мен өнер мамандықтарынан басқа) 11 сынып базасында қабылдауды **20,0 мың адамға** ұлғайту және техникалық мамандықтар бойынша қазіргі бос орындарды (3,5 мың адам) толтыру үшін қайта даярлауды жүргізу болжанып отыр.



3. Шетелдік мамандарды алмастыру - 23 мың адам (3000 млн. теңге). Шетелдік жұмыс күшін қазақстандық кадрлармен алмастыру үшін техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының (кәсіптік лицейлер мен колледждер), сондай-ақ ірі кәсіпорындар жанындағы оқу орталықтарының мүмкіндіктері пайдаланылатын болады.

Бұдан басқа, бірқатар мемлекеттік оқу орындарының базасында мемлекет те, шетелдік жұмыс күшін тартқан жұмыс берушілер де қаржыландыратын оқу орталықтары құрылатын болады. Осы мақсаттар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен шетелдік жұмыс күшін тартатын ұйымдар материалдық-техникалық базаны нығайтуды, шетелдік жетекші оқытушыларды тартуды, қайта даярлаудан өткендерді жұмыспен қамтуды және т.б. көздейтін әріптестік туралы келісімдерге қол қояды.

Кадрларды даярлау және қайта даярлау бағдарламасы **146,5 мың адамға дейін** қамтитын болады деп болжануда. Бұл үшін 2009 жылы республикалық бюджетте кадрлар даярлау мен қайта даярлау бағдарламасын **14,4 млрд. теңгеге** жуық мөлшерде қосымша қаржыландыру көзделетін болады.

### **1.9. Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру инфрақұрылымы**

Жұмыспен қамту орталықтары әрбір облыста, қалада және ауданда жұмыс істейді. Жұмыспен қамту орталықтарының негізгі бағыты - халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және жұмыстан айрылған азаматтарды әлеуметтік қорғау.

Жұмыспен қамту орталықтарын жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың кең спектрі қолданады. Бұл жұмыспен қамтуға және жеке іс ашуға жәрдемдесу, қоғамдық жұмыстарға, әлеуметтік жұмыс орындарына бағыттау, жастар практикасын, "жұмыс іздеу клубтарын" ұйымдастыру, кәсіптік даярлау мен қайта даярлауға бағыттау және т.б.

2008 жылы жұмыспен қамту орталықтары **248 мың** өтініш жасағандар ішінен 229 мың адамды жұмысқа орналастырды. **26,4 мың** жұмыссыз кәсіптік даярлау мен қайта даярлаудан өтті.

Бүкіл республикада ықпалдастырылған "Еңбек нарығы" автоматтандырылған базасы әрбір өңірде қалыптастырылып, нақты уақыт режимінде жүргізілуде, онда жұмыспен қамту орталықтары едәуір сұраныс (бос орындар) мен ұсыныстар (жұмыссыздар мен өздерінің сауалнамалық деректерін дербес орналастырған өзге де тұлғалардан) туралы ақпаратты орналастырады. Өз кезегінде, жұмыс берушілер базада жұмысқа қабылдау туралы өтінімдерді дербес орналастыра алады.

**Стратегияны іске асыру үшін инфрақұрылымды дамыту тетіктері**  
Жұмыспен қамту орталықтары стратегияны іске асыру жөніндегі негізгі

элементтердің бірі болады. Жұмыспен қамту орталықтарының функциялары едәуір ұлғайтылады, олар стратегияның барлық бағыттарын қажетті біліктіліктің еңбек ресурстарымен қамтамасыз ете отырып, байластырушы буын болып әрекет етеді.

Осыған байланысты жұмыспен қамту орталықтарының саны, негізінен әлеуметтік жұмыс орындары және жастар практикасы бағдарламалары есебінен ұлғайтылатын болады.

Жұмыспен қамту орталықтарының жұмысы "жалғыз терезе" қағидаты бойынша құрылатын болады.

Ақысы төленбейтін демалыстардағы немесе толық емес жұмыс күніне ауыстырылған азаматтар үшін Жұмыспен қамту орталықтарының қызметтерін пайдалану мүмкіндігі көзделетін болады. Жұмыспен қамту орталықтарында жұмыссыздарды тіркеу рәсімі барынша оңайлатылатын болады.

Жұмыспен қамту орталығы күн сайын "Еңбек нарығы" автоматтандырылған базасы жаңартылып отыратын болады, онда Стратегияны іске асыру шеңберінде құрылған бос орындар орналастырылатын болады.

Стратегияның бағыттарын іске асыру үшін жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерді іріктеуді жүзеге асыратын болады және қажет болған жағдайда оларды білім беру жүйесі ұйымдарына қайта даярлау курстарына жібереді.

2009 жылы стратегияны іске асырудың тиімділігін арттыру үшін кеңінен ақпараттық қамтамасыз етуге зор көңіл бөлінетін болады.

Халықты толық қамтуды қамтамасыз ету және құрылатын жұмыс орындарында жұмыспен қамту мәселелерін уақтылы шешу үшін 2009 жылы жоспарланған 461 жәрмеңкеге қосымша 611 ірі және шағын бос орындар жәрмеңкесі өткізіледі.

## 1.10. Отандық өндірушілерді қолдау

Стратегия бағыттарын іске асыру тауарларға, жұмыстар мен қызметтерге қосымша сұраныс тудырады. Бұл сұранысты отандық өндірушілер есебінен қанағаттандыру үшін жағдайлар жасау стратегияның жеке бағыты болып табылады.

Стратегия бағыттарын іске асыру кезінде сатып алынатын тауарлардың жалпы көлеміндегі отандық өндірушілердің үлесі стратегияны іске асырудың тиімділігін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі болады.

Бұл үшін өндірістік секторда іскерлік белсенділікті қолдаудың екі блогы бөлініп алынды:

1. қолданыстағы өндірістердің қуатын жүктеу. Бұл үшін стратегия шеңберінде іске асыру үшін нақты жобалар айқындалғаннан кейін нақты жергілікті өндірушілер мен жеткізушілерді белгілей отырып, сатып алу жоспары әзірленетін болады.

2. егер қажетті өндірістер жоқ болған жағдайда, стратегияны іске асыру үшін отандық өндірушілер мен жеткізушілерді дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары

әзірленеді. Жаңа өндірісті ұйымдастыру кезінде кәсіпорындардың ағымдағы және перспективалық бәсекеге қабілеттілігіне баса назар аударылатын болады. Стратегияны іске асыруды қолдау үшін отандық өндірушілер мен жеткізушілерді дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары біржолғы акция ретінде емес, ұзақ мерзімді шара ретінде қаралады, мұнда стратегияны іске асыру шеңберіндегі сатып алу бәсекеге қабілетті отандық өндірістік базаның қалыптасуына ғана ықпал етуі тиіс. Стратегияны іске асыру үшін отандық өндірушілер мен жеткізушілерді дамытуды қаржыландыру, оның ішінде "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ институттарының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

## **2. Агроөнеркәсіптік кешенді жедел дамыту және "Қазақстанның 30 корпоративтік көшбасшысы" Бағдарламасының екінші бағытын іске асыру**

**Ескерту. 2-бөлім алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 303 Қаулысымен.**

## **3. Инфрақұрылымдық және индустриялық жобаларды іске асыру**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарында (бұдан әрі - Тұрақтандыру жоспары) индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға 120 млрд. теңге бөлу көзделген.

Орта мерзімді перспективада барлық қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту қамтамасыз етілетін болады. Олар Қазақстанның импортқа тәуелділігін айтарлықтай қысқарта отырып, қосылған құны жоғары, ЕУРО - 3, 4 экологиялық стандарттарының жоғары деңгейіне сәйкес келетін сапалы өнім шығаруға тиіс.

Мойнақ ГЭС-ін салуды қаржыландыру жалғасады. Бұл елдің оңтүстік өңірлерін электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ету үшін аса маңызды жоба. Сондай-ақ республиканың оңтүстік және орталық өңірлерінің электр энергиясына өсіп келе жатқан сұранысын қамтамасыз ету үшін Балқаш ЖЭС-ін салу жобасын іске асыру жөніндегі жұмыс жалғасады.

Екібастұз ГРЭС-1-ді және ГРЭС-2-ні кеңейту және қайта құру жөніндегі жұмыстар Қазақстанда электр энергиясын өндіруді едәуір ұлғайтады.

"Бейнеу - Бозой - Ақбұлақ" магистральды газ құбырын салудың маңызды әлеуметтік мәні бар. Бұл елдің батыс өңірлерінен оңтүстік өңірлеріне кедергісіз газ беруге және Өзбекстаннан газ импортын азайтуға мүмкіндік береді. Көліктік инфрақұрылым және транзиттік әлеуетті дамыту саласында "Батыс Еуропа - Батыс Қытай" автожол транзиті дәлізін қайта құру жобасын іске асырудың басымды маңызы

бар. Бұл Орталық Азия елдерінің Еуропамен көліктік қатынасын неғұрлым қысқа жолмен қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ Каспий теңізіндегі тасымалдардың өсіп келе жатқан көлемін қамтамасыз ету үшін Ақтау теңіз портының өткізу қабілетін кеңейту жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

Елдің жедел индустриялық дамуы шеңберінде Атырау облысында газ-химия кешенін салу неғұрлым маңызды жобалардың бірі болып табылады. Газ-химия кешені газ өндеуді дамытуды қамтамасыз етеді, бұл перспективада қосылған құны жоғары химия өнеркәсібі өндірісін дамыту үшін негіз болады.

Жол құрылысының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін меншікті шикізат базасы құрылатын болады. Бұл үшін сапасы жоғары жол битумдарын өндіруді ұйымдастыру жөніндегі жобаны іске асыру жалғасады.

Инфрақұрылымды дамыту үшін қосалқы өндірістер тағы бір маңызды блок болып табылады. Қазақстан мәні жағынан елдің базалық магистральдық жүйесі болып табылатын ауқымды темір жол желісіне ие, электровоздар, ел ішілік жолаушылар және жүк вагондары өндірісін ұйымдастыру жөніндегі жобаларды қаржыландыру жүзеге асырылады.

Туризмді дамыту және туристік кластерді дамыту мақсатында "Шымбұлақ" тау шаңғысы кешенін дамыту жөніндегі жобаны іске асыру жалғасады.

Химия өнеркәсібінің де одан әрі даму үшін қомақты әлеуеті бар. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ жанынан құрылған химиялық компания шеңберінде хлор-сілті өндірісін ұйымдастыру және минералдық тыңайтқыштар өндірісін дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру қамтамасыз етіледі. Бұл жобаларды іске асыру аталған өнімдердің импортын азайтуға және экономиканың экспорттық әлеуетін дамытуға ықпал ететін болады.

Металлургия өнеркәсібі одан әрі дамытылады. Тараз металлургия зауытын және Ақтөбе облысында электр-металлургия зауытын салуды қаржыландыру жүзеге асырылады. Бұл өндірістердің экспорт үшін, сондай-ақ ішкі сұранысты қанағаттандыру үшін едәуір әлеуеті бар.

Көрсетілген жобаларды іске асыру үшін, Тұрақтандыру жоспарының шеңберінде бөлінген қаражаттан басқа, қосымша **5 млрд. АҚШ долларынан астам инвестиция** тарту жоспарланып отыр.

Көрсетілген жобаларды іске асыру шеңберінде құрылыс кезеңінде және оларды пайдалануға енгізгеннен кейін қосымша **20 мыңнан астам жаңа жұмыс орны** құрылады.

## Қорытынды

Жол картасы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын ұстап тұруға бағытталған қосымша шаралар кешені болып табылады.

Жол картасын іске асыру үшін қажетті қаражаттың жалпы көлемі шамамен **200**

млрд.

теңгені

құрайды.

Жол картасын іске асыру нәтижесінде жаңа жұмыс орындарын құру, әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар саясаты бағдарламаларын кеңейту есебінен 350 мыңға жуық жұмыс орны құрылатын болады.

Кадрларды даярлау және қайта даярлау бағдарламасымен 146,5 мыңға жуық адам қамтылады.

Жол картасын іске асыру кезінде қазақстандық өндірістің тауарлары мен қызметтерін басым пайдалану есебінен отандық кәсіпорындар, бірінші кезекте, құрылыс секторы мен құрылыс материалдары индустриясының секторлары тапсырыстармен қамтамасыз етіледі.

Макроөңірлердің экспорттық мамандануы секторларын дамыту нәтижесінде перспективада 500 мыңға жуық жұмыс орны құрылады, ЖІӨ өсімі шамамен 8 %-ды құрайды.

Стратегия бағыттарын іске асыру нәтижесінде коммуналдық және көліктік инфрақұрылым жаңғыртылады, мектептерге, ауруханалар мен басқа да әлеуметтік объектілерге күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізіледі, бұл Қазақстанның дағдарыстан кейінгі орнықты дамуы үшін негіз болады және халықтың тұрмыс жағдайларын жақсартады.